

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қазандағы N 1008 Қаулысы

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығын орындау үшін және мемлекеттің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру қажеттілігі туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қоса беріліп отырған "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Орталық атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 7 қазандағы
N 1008 қаулысымен

бекітілген

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орында- луына жауаптылар	Аяқталу мерзімі
1	2	3	4	5
1	"KEGOC" АҚ-тың 20%-дан аспайтын қатысуымен концессионер компанияның ж а р ғ ы - лық капиталын құру және құрылым- дау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру	Қазақстан Республика- сының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), ТМРА, "KEGOC" АҚ (келісім бойынша)	2005 жылғы қазан
2	Техника-экономи- калық негіздеме әзірлеуді және оның мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру	Қазақстан Республика- сының Үкіметіне есеп	ЭМРМ (жинақтау), "KEGOC" АҚ (келісім бойынша)	2005 жылғы қазан

3	"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салуға және пайдалануға арналған концессиялық келісімді жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭМРМ (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ, ТМРА	2005 жылғы қазан
4	"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілдемесін беру туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭМРМ (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ	2005 жылғы қазан
5	"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына концессиялық келісімдер шеңберінде құрылған электр беру желілерін олардың қолданылу мерзімінде ұлттық электр желісінің құрамынан шығару, сондай-ақ заңнама - дағы олқылықты жою және Заңға " өңіраралық электр беру желісі" ұғымын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЭМРМ (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ	2005 жылғы қазан
6	Инфрақұрылым облигацияларын шығару және бірінші кезекте, жинақтаушы зейнет - ақы қорлары, сондай-ақ басқа институционалдық инвесторлар арасында орналас - тыру жөніндегі жұмысты ұйымдас - тыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), концессио - нер, ҚҚА, (келісім бойынша)	2005 жылғы қараша

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

"KEGOC" АҚ - "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы " KEGOC" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК